

Бекітемін: _____
№ 7 «Күншуақ» б/б директоры:
Ермуханова Ж.С.



**№ 7 «Күншуақ» балабақшасының 2021-2022 оқу жылдарына арналған
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша өткізілетін
іс-шаралар жоспары.**

№	Іс – шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1 қыркүйек Білім күні мерекесі (тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі)	Қыркүйек	Тәрбиешілер Музыка маманы
2	Кеңес: Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу	Қараша	Әдіскер
3	Ұ.О.Қ. « Менің тұңғыш президентім». (ересектер, ортаңғы топтар)	Желтоқсан	Тәрбиешілер Музыка маманы
4	Ұ.О.Қ. « Тәуелсіз – Қазақстан»	Желтоқсан	Тәрбиешілер Музыка маманы
5	Кеңес: «Балабақшадағы мектепке дейінгі балалардың денсаулығының адамгершілік рухани сапалы тәрбиесі»	Қаңтар	Касенова Р.Т.
6	1 – мамыр ынтымақ күні	Мамыр	Тәрбиешілер Музыка маманы
	9 – мамыр жеңіс күні	Мамыр	Тәрбиешілер Музыка маманы

Бекітемін: _____
 № 7 «Күншуақ» б.б директоры:
 Қойшыбаева Д. М.



№ 7 «Күншуақ» бөбекжай бақшасының 2020-2021 оқу жылдарына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары.

№	Іс – шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына байланысты ақпараттық бұрыш жасақтау	Қыркүйек	Әдіскер
2	Тақырыптық ҰОҚ «Білім күні»	Қыркүйек	Тәрбиешілер
3	Қазақстан халықтарының Тілдер күні мерекесіне орай Ертеңгілік: «Ана тілім- дана тілім, бақ тілім»	Қыркүйек	Әдіскер Тәрбиешілер Музыка маманы
4	Спорттық ойын сауық: «Таңғажайып шарлар әлемінде»	Қазан	Тәрбиешілер Музыка маманы
5	Семинар: «Адамгершілік рухани тәрбие арқылы шығармашылық жолдарын дамыту»	Қазан	Әдіскер
6	Ертеңгілік: «Тәуелсіз Қазақстан»	Желтоқсан	Әдіскер Тәрбиешілер Музыка маманы
7	7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне Ақпарат бұрышы: «Отан қорғаушылар күні»	Мамыр	Әдіскер Психолог Тәрбиешілер

Ақыл

«Бабаларым аңсаған тәуелсіздік»
Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған
мерекелік кештің сценарийі

«Айгөлек», «Еркемай» МАД
топтарының тәрбиешілері:
Купбаева З.Р.
Хабибуллина Д.Р.
Тулегенова Р.Ө.
Саз маманы:
Ергалиева Б

Залға балалар музыкамен кіреді. Билейді. Маршировка жалаумен.

Жүргізуші:

Әнұраным - жанұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім,
Туған жерім, сағынарым,
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика әнұраны.

Әнұран орындалады.

Екі бала ортаға шығып тақпақ айтады.

Әли:

Тәуелсіздік-тұмарым,
Бәйтерегім-шырағым.
Ел мерейін өсіріп
Менде шынға шығамын!
Еңбек етіп табысты,
Жібермеймін намысты.
Мен-әлемге танытам,
Қазақ деген халықты!

Б.Раяна:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман жасыл жайлау көлім менің.
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті.
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің!

(Балалар орындарына отырады)

Жүргізуші:

Мұзға жанған желтоқсанның жалауы,
Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы.
Ол әркімге еркін өмір сыйлайды..
Жақсы атақпен нұр шапағын жинайды.

Желтоқсан оқиғасында Тәуелсіздік жолында қазақ жастары құрбан болды. Осы құрбан болған аға-апаларымыздың рухы үшін бір минут үнсіздік жариялайық. **(Бір минут үнсіздік)**

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен Тәуелсіз еліміздің ұлағатты ұрпақтары! Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «**Бабаларым аңсаған тәуелсіздік**» атты мерекелік кешке қош келдіңіздер! Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешкен баршаңызды Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Жүргізуші: Тұғырлы еліміздің мерейлі мерекесімен құттықтау сөз бөбекжай бақшасының директорының міндетін атқарушы Ермұханова Жанар Сағынтайқызына беріледі.

Жүргізуші:

Қалың жұртым, қазағым, мақтан бүгін,
Жан сырынды жайып сап ақтар бүгін.
Мерейі үстем мерекең болсын құтты,
Сан ғасырлар жоғалтып тапқан бүгін.

Ән «Азаттық.Тендік. Бостандық» (Айгөлек, Еркемай топтары)

Жүргізуші:

Тәуелсіздік түскен жоқ қой аспаннан,
Тарихы оның тым ертеден басталған.
Бостандықтан құтқарам деп елімді,
Талай боздақ қара жерді жастанған.

Көркем сөз. Оқитын «Айгөлек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі **Артурқызы Аружан.**

«Азат елім, ғажап елім» Авторы Жібек Ысқақова

Жүргізуші:

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!
Өздеріндей ер намысты жас өркені бар елдің,
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Балалардың тақпақтары

Бекжан:

Әр қазақтың есінде сақталады,
Желтоқсандық өрендер ақталады.
Ел намысын қорғаған сарбаздарым,
Ерліктерің мәңгілік сақталады.

Дария

Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Атамменен барған күн.
Мерекеге шығады,
Бүкіл халық, біліп қой,
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік-ұлы той.

Айсұлу

Тәуелсіздік елімде,
Бақыт құсы самғап ұшты көгімде.
Қазақ деген ғажап халық қашаннан.
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.

Ильхам

Аралаймын алаңды,
Тәуелсіздік күні мен.
Батыр Қайрат ағамның,
Суретіне үңілем.
Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеде ел қуанып,
Шаттанып ән салған күн.

Сахналық көрініс «Желтоқсан ызғары»

Шынар мен Нұрланның тақпақтары

Көркем сөз . Оқитын «Айгөлек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Кәрім Мадина
«Келді міне, отыз жыл! Тойла қазақ» Авторы Жібек Ысқақова

Келді міне, отыз жыл! Тойла қазақ,
Азаттықтың ақ таңы қуандырып.
Биле, биле шаттана, тойда қазақ,
Өлеңдете, «отыз жыл» жыр қалдырып!
Пейіліміз қазағым тарылмасын,
Ағын судай жарқырап арындасын!
Қазағымды ең мықты ел ретінде,
Бүкіл әлем бас иіп қабылдасын!
Шаттандырған қуантып- отыз жылдық,
Мақтан қылған жырлатып- отыз жылдық.
Тәуелсіздік мерей той құтты болып,
Отыз жылды Алла берсін жүз жыл қылып!

Ән «Желтоқсан желі»

Жүргізуші:

16 желтоқсан-еліміздің ең үлкен, ең басты мерекесі. 1991 жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. 2021 жылы Тәуелсіз мемлекет атанғанымызға 30 жыл толды. Осы тәуелсіздік Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатайұлы, Ләззат Асанова сынды қазақтың батыр қаһарман ұл-қыздарының арқасында келді. Олардың Тәуелсіздік жолындағы ерлігі, қайсарлығы біз үшін өнеге болмақ.

Туған елім, туған жерім,
Бейбіт болсын жерімде.
Өмір бойы елімде,
Болсын достық береке.

Ән «16 желтоқсан» «Айгөлек, Еркемай» топтарының балалары

Жүргізуші:

Қыранбыз қанаты самғайтын,

Ұланбыз Отанды қорғайтын.

Ұланбыз ел үшін, жер үшін,

Ерлігін бабалар жалғайтын.

Би: «Көк тудың желбірегені» «Айгөлек» мектепалды даярлық тобы.

Жүргізуші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті.

Тәуелсіз Қазақстан елім- менің!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық торқалы тойы тағыда ҚҰТТЫ БОЛСЫН!